Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1266348 , Ауырған жағдайда медициналық сақтандыру бойынша қызметтер сатып алу бойынша Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (8 У, 4568154) Ауырған жағдайда медициналық сақтандыру бойынша қызметтер

Тапсырыс беруші: "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ
Ұйымдастырушы: "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	8 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ауырған жағдайда медициналық сақтандыру бойынша қызметтер, Сырқаттану жағдайы туындаған кездегі медициналық сақтандыру бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	Қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру қызметі
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, ҚР барлық аумағы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 70%, Аралық төлем - 30%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Техникалық ерекшелік

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған

I. Жалпы мәліметтер

1. Осы техникалық ерекшелік «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) Тапсырыс берушінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарын сипаттайды және қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарын, оның ішінде мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, орындау мерзімдерін және өзге де талаптарды айқындайды. Қандай да бір сұрақтар, даулы немесе өзге де мәселелер туындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің мүдделері мен түсінігі басым әрі негізгі болып табылады.

2. Техникалық ерекшелікке №1 қосымша (Медициналық сақтандыру бағдарламасы) оның ажырамас бөлігі болып табылады.

II. қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық әрі пайдалану сипаттамалары

1. Тапсырыс берушінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру шеңберіндегі медициналық қызметтер (бұдан әрі – Қызметтер) Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 202-бабына және денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкес көрсетілуге тиіс.

2. Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру бойынша қызметтер техникалық ерекшелікке №1 қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

3. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы, негізінен Астана, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал, Алматы, Павлодар, Шымкент, Қызылорда қалалары.

4. Тапсырыс беруші қызметкерлерінің саны – 525 адамнан аспайды, қызметкерлердің отбасы мүшелері техникалық ерекшелікке №1 қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес тіркеледі.

5. Сақтандыру компаниясы/Сақтандырушы (бұдан әрі – Орындаушы) өзінің медициналық ассистанс компаниясына (бұдан әрі – Медициналық ассистанс) ие болуға немесе медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызмет көрсететін Медициналық ассистанспен ынтымақтастық шарты және/немесе әріптестік келісімі болуға тиіс.

6. Орындаушы/Медициналық ассистанс республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда өзінің және/немесе әріптестік медициналық және фармацевтикалық ұйымдарына (бұдан әрі – дәріханалар) ие болуға және медициналық қызмет көрсету үшін Тапсырыс берушіге медициналық ұйымдардың тізімін (бұдан әрі – Медициналық желі) ұсынуға тиіс.

7. Медициналық желіге қойылатын талаптар (медициналық ұйымдар мен дәріханалардың болуы):

1) Тікелей қолжетімділік қағидаты бойынша қызмет көрсететін медициналық ұйымдар (өз ұйымдары және/немесе әріптестік ұйымдар):

- Астана қаласында кемінде 5 (бес), олардың ішінде республикалық деңгейдегі көппрофильді медициналық ұйымдар болуы қажет, соның ішінде:

- стационарлық бөлім, диагностикалық орталық, толық циклді зертханалық қызметтер, консультациялық-диагностикалық поликлиника, халықаралық аккредитациясы JCI деңгейінен кем емес;

- Ақтау қаласында кемінде 3 (үш) көппрофильді клиника, жоғарғы санатты аккредитацияға ие;

- республикалық және облыстық маңызы бар басқа қалаларда кемінде 1 (бір);

- Республикалық және облыстық деңгейдегі әр қалада кемінде 1 (бір) ұйым, амбулаторлық-поликлиникалық және диагностикалық қызметтерді жоғары санатты аккредитацияға сәйкес көрсететін медициналық ұйымдардан болуы тиіс.

2) Амбулаториялық-емханалық және стационарлық қызметтер көрсететін әріптестік медициналық ұйымдар:

- Астана қаласында кемінде 30 (отыз), оның ішінде: ұлттық және республикалық деңгейдегі клиникалар, көппрофильді стационарлар, кардиохирургия, нейрохирургия, онкология, педиатрия және акушерлік бағыттар бойынша мамандандырылған орталықтар, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар, жоғарғы санатты диагностикалық орталықтар (халықаралық деңгейдегі аккредитациялар – JCI немесе эквиваленті);

- Ақтау қаласында кемінде 10 (он);

- республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда кемінде 3 (үш);

3) Стоматологиялық ұйымдар:

- Астана қаласында кемінде 30 (отыз),

- Ақтау қаласында кемінде 10 (он);

- республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда кемінде 3 (үш);

4) Дәріханалар:

- кемінде 4 (төрт) дәріхана желісі (әр дәріхана желісінде кемінде 10 (он) филиал болуы тиіс), сондай-ақ Астана қаласындағы тікелей қолжетімділік бойынша қызмет көрсететін барлық медициналық ұйымдардың ішіндегі дәріханалар;

- Ақтау қаласында кемінде 5 (бес) дәріхана;

- республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда кемінде 3 (үш) дәріхана;

8. Орындаушы/Медициналық ассистанс техникалық ерекшелікке №1 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы, «Изумрудный квартал» бизнес-орталығындағы кеңсесінде дәрігерлік амбулаторияның жұмысын ұйымдастыруға міндеттенеді. Ол үшін Орындаушы/Медициналық ассистанс шарт жасалған сәтте қолданыста болатын жалдау тарифіне сәйкес қажетті үй-жайды жалға алады.

№ 1 қосымша

Техникалық ерекшелікке

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін 2027–2029 жылдарға арналған медициналық сақтандыру бағдарламасы

Медициналық көмектің түрлері	Қамтылатын қызметтер	Сақтандырумен қамту

Консультациялық-диспетчерлік қызмет Тәулік бойы жұмыс істейтін Call Centre 24/7 Тел.: Ұялы тел.:	Тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік қызмет: • сақтандыру бағдарламасы және медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат беру; • Медициналық желі (медициналық ұйымдар, стоматологиялар, дәріханалар) туралы, оның ішінде дәрігерлер, өңірлердегі жауапты тұлғалардың байланыс деректері және сақтандырылған тұлғаның лимиттерді пайдалануы туралы ақпарат беру; • қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; • тәулік бойы жедел медициналық жәрдем бригадасының шығуын ұйымдастыру; • сақтандырылған тұлға денсаулық жағдайына байланысты медициналық ұйымға өздігінен бара алмаған жағдайда отбасылық дәрігерді /терапевт/педиатр үйге не кеңсеге шақыру; • жедел жәрдемді тәулік бойы шақыру; • медициналық ұйымға/тікелей қолжетімді ұйымға және/немесе сенімді дәрігерлерге қабылдауға жазу, сақтандырылған тұлғаға телефон арқылы хабарлау және алдыңғы жазылу жойылған жағдайда консультацияға қайта жазу.	Толық қамту

Медициналық үйлестірушілер:	– диагностика және емдеу процесін ұйымдастыру және үйлестіру; – отбасылық дәрігер-терапевттің /педиатрдың консультациясын ұйымдастыру; – диагностикалық зерттеулерді және бейінді мамандардың консультацияларын ұйымдастыру; – ауруханаға жатқызуды ұйымдастыру және стационарлық емдеу жағдайларын сүйемелдеу; – сақтандыру бағдарламасы және медициналық қызмет көрсету тәртібі бойынша консультациялық қызметтер көрсету; – Астана қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы үшін жеке үйлестірушіні бөлу.	Толық қамту

Жедел медициналық жәрдем: – Бірінші санат – өмірге ықтимал қауіп (10 минут) – тек 103 нөміріне қоңырау шалу; – Екінші және үшінші санаттар – медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда өмірге тікелей қауіп (15 және 30 минут) – тек 103 нөміріне қоңырау шалу; – Төртінші санат – жіті ауру, созылмалы аурулардың асқынуы (60 минут) – 103 нөміріне немесе Медициналық ассистанс жедел жәрдеміне қоңырау шалу, тел.:	Жедел медициналық жәрдемді тәулік бойы көрсету: шұғыл және кезек күттірмейтін, дереу медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда мемлекеттік те, жеке де жедел жәрдем бригадасының шығуы. Қызметке мыналар кіреді: – науқасты дәрігердің қарап-тексеруі; – жедел диагностика жүргізу, алдын ала диагноз қою және ем тағайындау; – жіті жағдайды басу және шұғыл емдік манипуляциялар жүргізу; – шұғыл ауруханаға жатқызу немесе эвакуациялау қажет болған жағдайда науқасты стационарға медициналық тасымалдау; – шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде дәрілік заттармен қамтамасыз ету. Өмірге қауіп төндіретін кенеттен пайда болған ауру немесе жағдай, сондай-ақ созылмалы аурудың асқынуы кезінде шұғыл ауруханаға жатқызу жүзеге асырылады. Жедел медициналық жәрдем өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін (кезек күттірмейтін, шұғыл) жағдайларда көрсетіледі: – жіті аурулар кезінде; – тұрмыстық және өндірістік жазатайым оқиғалар кезінде; – жарақаттар, күйіктер және уланулар кезінде; – кеуде тұсы ауырған кезде.	Толық қамту
	Үйде қызмет көрсетуге арналған көрсетілімдер: – пациенттің медициналық	

Дәрігердің немесе орта медицина қызметкерінің үйде не жұмыс орнында шақыртуға қызмет көрсетуі (жалпы практика дәрігері /терапевт/педиатр)	ұйымға өздігінен баруына мүмкіндік бермейтін жіті ауырсыну жағдайлары; – дене қызуының көтерілуі, қалтырау, әлсіздік; – жалпы жағдайдың бұзылуымен қатар жүретін артериялық қысымның жоғарылауы; – сұйық нәжістің бірнеше рет болуы; – қозғалыс шектелуімен бірге жүретін омыртқа мен төменгі аяқ-қол буындарының қатты ауыруы; – бас айналу, қатты жүрек айну, құсу; – асқыну кезеңіндегі созылмалы ауырсыну жағдайлары; – диагноз анықталғанға дейін күдік болған жіті инфекциялық аурулар; – тасымалдауға келмейтін пациенттер. Қызмет мыналарды қамтиды: – дәрігердің қарап-тексеруі, диагностика және медициналық тағайындаулар; – бейінді мамандардың қабылдауына жолдамалар рәсімдеу; – зертханалық және аспаптық зерттеулерге жолдамалар рәсімдеу; – уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын рәсімдеу; – Медициналық желіге қатысушы дәріханалардан дәрілік препараттарды алу үшін рецепт жазып беру; – дәрігердің тағайындауы бойынша үйде диагностикалық зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізу (қан алу, қанның экспресс-талдауы, ЭКГ түсіру және т.б.); – орта	Толық қамту

	медицина қызметкерінің тері астына және бұлшықет ішіне инъекция жасауы; – пациентті тасымалдау.	
	Медициналық көрсетілімдер бойынша шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек, ауыз қуысы ауруларын емдеу. 1. Тістердің, ауыз қуысының және жақ-бет аймағының ауруларын диагностикалау: • стоматологтың бастапқы және қайталама қарап-тексеруі; • медициналық көрсетілімдер бойынша стоматолог-терапевттің, хирургтің, ортопедтің, пародонтологтің және басқа бейінді мамандардың консультациялары; • емдеу жоспарын жасау; • ауызішілік және тіс рентгенографиясы; • радиовизиография; • панорамалық рентгенография (ортопантомограмма); • жақ-бет аймағының компьютерлік томографиясы (КТ) және 3D-томографиясы; • медициналық көрсетілімдер бойынша диагностикалық қалыптар мен жақ модельдерін жасау; • тіс ұлпасының өміршеңдігін анықтау және стоматологияда қолданылатын басқа диагностикалық зерттеулер; • жергілікті анестетиктер мен дәрілік препараттарға аллергологиялық сынамалар (5 анестетиктен аспайды); •	

Стоматологиялық көмек	диагноз қою және емдеу тактикасын айқындау үшін қажетті, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген диагностикалық зерттеулердің барлық түрлері. 2. Тістер мен қызыл иек ауруларын терапиялық емдеу: • кез келген күрделілік дәрежесіндегі кариес емдеу; • Қазақстан Республикасында қолжетімді барлық заманауи әдістермен пульпит пен периодонтитті емдеу; • түбір өзектерін механикалық және дәрілік өңдеуді қоса алғанда, эндодонтиялық емдеу; • стоматологиялық микроскопты пайдаланып тістерді емдеу; • медициналық көрсетілімдер бойынша қайталама эндодонтиялық емдеу (өзектерді қайта емдеу); • пломбалау материалдарымен тістің анатомиялық пішінін қалпына келтіру; • медициналық көрсетілімдер болған кезде тістерді эстетикалық қалпына келтіру; • сына тәрізді ақауларды, тістің кариозды емес зақымдануларын және эмальдың жоғары сезімталдығын емдеу; • гингивитті, пародонтитті, пародонтозды, периоститті және пародонт тіндерінің өзге де ауруларын қоса алғанда, қызыл иек ауруларын емдеу; • ауыз қуысы ауруларын дәрілік	2027 жылы жылына 350 000 теңге; 2028 жылы жылына

		жолмен емдеу; • медициналық көрсетілімдер бойынша тістерді шендеу; • терапиялық стоматология шеңберінде қабыну ошақтарын ашу және дренаждау; • емдеуге қажетті барлық шығыс материалдары, дәрілік препараттар, анестезия және инъекциялар. 3. Тістер мен ауыз қуысы ауруларын хирургиялық және ортопедиялық емдеу, оның ішінде: • медициналық көрсетілімдер бойынша кез келген күрделіліктегі тістерді жұлу; • ретенцияланған және дистопияланған тістерді жұлу; • тісті сақтап қалу операциялары; • түбір ұшының резекциясы. 4. Ауыз қуысы ауруларын емдеу және профилактикасы: • ультрадыбыспен, Air Flow жүйесімен және басқа әдістермен тіс шөгінділерін алуды қоса алғанда, ауыз қуысының кәсіби гигиенасы; • сақтандыру кезеңінде кемінде бір рет профилактикалық мақсатта тістерді кәсіби тазалау; • медициналық көрсетілімдер мен дәрігердің тағайындауы бойынша саны шектелмей тістерді кәсіби тазалау; • тістерді жылтырату және реминералдандыратын препараттармен өңдеу; • кальций және фтор препараттарымен тістерге реминералдандыру	400 000 теңге; 2029 жылы жылына 450 000 теңге. (Отбасы мүшелерін қоскқанда, шектеулер автоматты түрде ортақ болады).

		терапиясын жүргізу; • тістерді терең фторлау; • балалар мен жасөспірімдерде кариестің профилактикасы; • ауыз қуысының шырышты қабығы ауруларын емдеу; • диагностика және емдеу хаттамаларына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қолжетімді барлық әдістермен қызыл иек ауруларын емдеу; • ауыз қуысы мен қызыл иек ауруларын физиотерапиялық емдеу; • тістерді сақтауға және стоматологиялық аурулардың дамуын болдырмауға бағытталған профилактикалық іс-шаралар; • ауыз қуысының жеке гигиенасы бойынша оқыту және консультация беру.	
		Дәрілік заттар отбасылық дәрігердің және/немесе Медициналық желінің бейінді маманының тағайындауы бойынша сақтандырумен қамтудың белгіленген лимиті шегінде беріледі. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және	

Дәрілік заттармен қамтамасыз ету	медициналық қолдануға рұқсат етілген мынадай дәрілік препараттар қамтылады: • ауруларды амбулаториялық емдеуге арналған дәрілік заттар; • инъекциялық препараттар; • бактерияға қарсы препараттар; • қабынуға қарсы препараттар; • ауырсынуды басатын препараттар; • гормондық препараттар; • витаминдік препараттар; • инфузиялық ерітінділер; • витаминдік инфузиялық терапия; • дәрілік заттарды қолдануға қажетті медициналық бұйымдар мен шығыс материалдары. Дәрілік заттар Медициналық желіге кіретін дәріханалар мен медициналық ұйымдар арқылы беріледі. Медициналық көрсетілімдер бойынша отбасылық дәрігер және/немесе Медициналық желінің бейінді маманы тағайындаған, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және айналымға рұқсат етілген барлық дәрілік препараттар қамтуға жатады. Дәрілік препараттар отбасылық дәрігер немесе Медициналық желінің бейінді маманы берген рецепт негізінде беріледі. Медициналық желі дәріханаларынан дәрілік заттарды алу үшін рецептінің қолданылу мерзімі жазылған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік	

	күнді құрайды. Рецепт бланкілерінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) – препараттың әсер етуші заты міндетті түрде көрсетілуі тиіс.	
Қашықтан көрсетілетін медициналық қызметтер	Қазақстан Республикасының аумағында лицензияланатын қызмет түрі бойынша жұмыс істейтін медициналық ұйымдардың білікті медициналық мамандарынан жіті аурулар мен жағдайлар, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде, пациенттің өміріне айқын қауіп төндірмейтін жағдайларда қашықтан консультация алу. Медициналық мамандардың онлайн-консультацияларын платформа/мобильді қосымша арқылы ұсыну. Бейінді мамандар консультацияларды алдын ала жазылу бойынша өткізеді.	Толық қамту
	• отбасылық дәрігердің қабылдауы мен консультациясы (шұғыл, емдік және жоспарлы профилактикалық көрсетілімдер бойынша), сондай-ақ медициналық	

		ұйымда жұмыс істейтін мейіргерлердің қарап-тексерумен және амбулаториялық картаға жазба енгізумен, диагностикамен және тағайындаулармен бірге көрсететін қызметтері; • бейінді маман дәрігерлердің консультациялары және өзге де кәсіби қызметтері (шұғыл, кезек күттірмейтін, жоспарлы және жоспарлы профилактикалық көрсетілімдер бойынша); • уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу (уақытша еңбекке жарамсыздық парағын рәсімдеу және беру); • дәрілік заттарға рецепт жазу; • сақтандырылған тұлғамен келісу арқылы Медициналық желі дәрігерлеріне жолдамалар беру; • емдеу процесін үйлестіру және сүйемелдеу; • күндізгі стационар және емшара кабинеті: амбулаториялық деңгейде анестезия, дәрілік және хирургиялық (операциялық және/немесе консервативтік) емдеу – таңу, таңу материалдары, оттегі, инъекциялар (көктамыр ішіне, бұлшықет ішіне) және басқа медициналық манипуляциялар, оның ішінде дәрігер рецепті бойынша дәрілер (дәрілік заттар лимиті шегінде); • Медициналық желіге кіретін медициналық ұйымдарда қызмет көрсету (отбасылық	

	дәрігерлердің қабылдауы, стационарды алмастыратын көмек (күндізгі стационар), зертханалық база, бейінді мамандар консультациялары, медициналық манипуляциялар, физиотерапия); • стационарды алмастыратын емдеу – күн ішінде 4-тен 8 сағатқа дейін медициналық бақылаумен көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмек, бейінді мамандардың консультациялары, ақылы палатада (негізінен бір немесе екі орындық) болу және медициналық персоналдың күтімі; • ауруханаға жатқызу мен стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде отбасылық дәрігер-терапевтің медициналық сүйемелдеуі; • диагноз қою және ем тағайындау үшін медициналық көрсетілімдер бойынша зертханалық диагностика: – жалпы қан талдауы (ЖҚТ), жалпы зәр талдауы (ЖЗТ), биохимиялық қан талдауы, АИТВ-инфекциясы, қанның ұюына талдау (коагулограмма), мынадай бейіндер бойынша қан талдаулары: бауыр, кардиологиялық, бүйрек, анемия, диабет, аллергология, липидтер, ревматология, гастропанель; онкомаркерлерге, вирустық гепатит маркерлеріне,	
Шұғыл, емдік және жоспарлы профилактикалық көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек		Бөлінген лимит шегінде толық қамту

		жыныстық инфекциялар мен гормондарға, қалқанша без гормондарына және көрсетілімдер бойынша басқа ауруларға талдау (оның ішінде иммундық-ферменттік, иммунологиялық зерттеулер, ПТР, ИФТ, ИФР және т.б.); – көрсетілімдер бойынша қақырықты, қуықасты безі секретін, нәжісті талдау, цитология және т.б.; – медициналық көрсетілімдер бойынша аспаптық зерттеу әдістері: функционалдық диагностика және ультрадыбыстық зерттеулер (оның ішінде ЭКГ, ЭЭГ, ЭхоКГ, ЭхоЭГ, РЭГ, УДЗ, УДДГ және т.б.), сәулелік зерттеу әдістері (оның ішінде рентгенография, флюорография), эндоскопия (оның ішінде биопсиямен) және ауру диагнозын анықтауға қажетті басқа зерттеулер, соның ішінде компьютерлік зерттеулер мен МРТ; – отбасылық дәрігер немесе Медициналық желінің бейінді маманы тағайындаған барлық диагностикалық және емдік іс-шаралар, оның ішінде ҚР диагностика және емдеу хаттамаларынан тыс қосымша тағайындалған іс-шаралар; – медициналық көрсетілімдер бойынша физиотерапия және физиотерапевт консультациялары: емшараларды тағайындау	

		және емдеу тиімділігін бақылау; отбасылық дәрігер, бейінді маман және/немесе физиотерапевт тағайындаған физиотерапияның барлық түрлері; • жыл сайынғы медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша дәрігер /кәсіптік патология дәрігері /бейінді маман тағайындаған қосымша тексерулер, оның ішінде асқыну сатысынан тыс созылмалы аурулар жағдайында. Отбасылық дәрігердің, бейінді маманның және/немесе физиотерапевтің тағайындауы бойынша емдік массаж. Массаж емдеу аймақтары мен сегменттері бойынша шектеусіз жүргізіледі. Бір аймаққа жасалатын массаж ұзақтығы кемінде 15 минут. Отбасыға арналған массаждың жалпы көлемі – 5 емдеу курсы; 1 курс 10 сеанстан (күннен) тұрады, бір сеансta (күнде) кемінде 2 аймаққа массаж жасалады, демек бір сеанс кемінде 30 минутқа созылады.	
		Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін (жұмыс күндері) күн сайын сағат 08: 00-ден 18:00-ге дейін: – ресепшен – дәрігерлерге және емханалардың медициналық қызметтеріне жазу; – терапевттің мейіргермен бірге қабылдауы күн сайын сағат 08:00-ден 17:30-ға дейін: сақтандырылған тұлғаларды қарап-тексеру,	

Тапсырыс берушінің Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, «Изумрудный квартал» БО, Б блогындағы кеңсесінде медициналық қызметтер көрсету	диагностикалық және емдік іс-шараларды тағайындау, емдеуді бақылау, қажет болған жағдайда Медициналық желі ұйымдарында стационарлық емдеуді ұйымдастыру; Тапсырыс берушінің созылмалы аурулары бар қызметкерлерін динамикалық бақылау; – оториноларингологтың қабылдауы (көпфункциялы ЛОР-комбайн болуы қажет) күніне кемінде 4 сағат: сақтандырылған тұлғаларды қарап-тексеру, диагностикалық және емдік іс-шараларды тағайындау, емдеуді бақылау; көрсетілімдер бойынша манипуляциялар жасау: ЛОР ағзаларын эндоскопиялық қарап-тексеру, мұрынды, құлақты, таңдай бадамшаларының лакуналарын шаю, мұрын мен құлақ гигиенасы, күкірт тығынын алу, ЛОР ағзаларының шырышты қабығына анемизация жасау, дәрілік заттарды тамызу, құлаққа немесе мұрынға турунда енгізу, мұрын қойнауларын шаю, таңу және басқа да емшаралар; – невропатологтың, кардиологтың және эндокринологтың қабылдауы – аптасына 2 рет, күніне кемінде 4 сағат; – еңбекке жарамсыздық парақтарын, Медициналық желі ұйымдарына жолдамаларды (бейінді	

	мамандарға, диагностикалық зерттеулерге, емдеуге), дәрілік препараттарға рецепттерді беру, тағайындалған дәрілік препараттарды беру және т. б.; – емшара кабинеті, күндізгі стационар, физиотерапия кабинеті және массаж кабинетінің қызметтері күн сайын сағат 08:00-ден 17:30-ға дейін; – ЭКГ жүргізу, электрондық тонометрмен артериялық қысымды өлшеу; – орындаушы шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойы медициналық пункттің барлық қажетті үй-жайларында айналардың болуын және тиісті күйде ұсталуын, қолжуғыш аймақтарында бір рет қолданылатын қағаз майлықтардың, әр кабинетте кемінде екі медициналық ақпараттық стендтің, қажет болған жағдайда пациенттерді тасымалдауға арналған мүгедектер арбасының, балдақтардың және жылжымалы медициналық кушетканың болуын қамтамасыз етуге міндетті.	
	– ауруханаға жатқызуды ұйымдастыру, Медициналық желіге кіретін стационарларда медициналық көмек көрсету; – медициналық көрсетілімдер бойынша стационарлық емдеуге жатқызу кезінде отбасылық дәрігер-терапевтің	

		/медициналық үйлестірушінің медициналық сүйемелдеуі; – стационарлық емдеу – медициналық ұйымда тәулік бойы медициналық бақылаумен көрсетілетін білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек, бейінді мамандардың консультациялары, жайлылығы жоғары ақылы палатада (негізінен бір немесе екі орындық) болу, тамақтандыру және медициналық персоналдың күтімі; – жоспарлы ауруханаға жатқызу – диагностика жүргізу, емдік манипуляциялар және стационар жағдайында операциялық араласулар қажет болған кезде емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша ауруханаға жатқызу; – диагнозды нақтылау және емдеу тактикасын айқындау үшін медициналық көрсетілімдер бойынша Қазақстанның жетекші клиникаларындағы жоғары санатты дәрігерлердің, профессорлардың, медицина ғылымдарының кандидаттарының консультацияларын және стационар деңгейінде дәрігерлік консилиумдарды ұйымдастыру; – қарқынды терапия бөлімінде болу, реанимациялық іс-шаралар, хирургиялық (оның ішінде	

Шұғыл, емдік және жоспарлы профилактикалық көрсетілімдер бойынша, созылмалы аурулар асқынған кезде стационарлық емдеу	операциялық) және консервативтік (терапиялық) емдеу; – дәрілік препараттарды, анестетиктерді, оттегіні, таңу материалдарын және т. б. тағайындау және қолдану; – зертханалық диагностика: жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы, АИТВ-инфекциясы, қан тобы мен резус-факторды анықтау, қанның ұюына талдау (коагулограмма), бауыр, кардиологиялық, бүйрек, анемия, диабет, аллергология, липидтер, ревматология бейіндері және гастропанель бойынша қан талдаулары; онкомаркерлерге, вирустық гепатит маркерлеріне, жыныстық инфекциялар мен гормондарға, қалқанша без гормондарына және көрсетілімдер бойынша басқа ауруларға талдау, оның ішінде ПТР, ИФТ, ИФР; – көрсетілімдер бойынша қақырықты, қуықасты безі секретін, нәжісті талдау, цитология және т.б.; – диагнозды анықтау үшін қажетті аспаптық зерттеу әдістері: функционалдық диагностика және ультрадыбыстық зерттеулер, сәулелік зерттеу әдістері, эндоскопия және басқа зерттеулер, оның ішінде компьютерлік зерттеулер мен МРТ; – отбасылық дәрігер немесе Медициналық желінің	Бөлінген лимит шегінде толық қамту

		бейінді маманы тағайындаған барлық диагностикалық және емдік іс-шаралар, соның ішінде ҚР диагностика және емдеу хаттамаларынан тыс қосымша тағайындалған іс-шаралар; – медициналық көрсетілімдер бойынша физиотерапия және массаж, физиотерапевт консультациялары, емшараларды тағайындау және емдеу тиімділігін бақылау; емдеуші дәрігер, бейінді маман және/немесе физиотерапевт тағайындаған физиотерапияның барлық түрлері. Стационарлық емдеу жағдайындағы массаж курсы – 3 курстан аспайды, барлығы 30 сеанс; бір сеанста (күнде) кемінде 2 аймаққа массаж жасалады; – емдеуге қажетті дәрілік заттарды, оның ішінде емдеуші дәрігер қосымша тағайындаған препараттарды, таңу материалдарын, анестетиктерді, оттегіні және өзге де шығыс материалдарын (шприцтер, жүйелер және т.б.) қолдану.	
		Қызметкерлер медициналық қарап-тексеруден жылына 1 рет, Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде өтеді. Медициналық қарап-тексеру көлемі: – зертханалық талдаулар: жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, жалпы билирубин, АЛТ, АСТ, глюкоза (қандағы қант), гликирленген	

	гемоглобин (HbA1c), қандағы креатинин, қандағы мочевина, жалпы ақуыз, жалпы холестерин, жоғары тығыздықтағы липопротеиндер (ЖТЛП), төмен тығыздықтағы липопротеиндер (ТТЛП), ТТГ, бос Т3 және бос Т4, D дәрумені, В12 дәрумені, фолий қышқылы, ферритин, темір, ерлер үшін жалпы ПСА және бос ПСА, әйелдер үшін СА 125, СА 15-3, барлығы үшін РЭА, СА 19-9, СА 72-4, CYFRA 21-1, Pro-GRP, АФП; – аспаптық зерттеулер: флюорография, ЭКГ, қалқанша бездің УДЗ, құрсақ қуысы ағзаларының УДЗ, әйелдер үшін кіші жамбас ағзалары мен сүт бездерінің УДЗ, ерлер үшін қуықасты безінің УДЗ; – мамандардың қарап-тексеруі: невропатолог, оториноларинголог, офтальмолог және зерттеулер, гинеколог және онкоцитология (ПАП-тест), әйелдер үшін маммолог, ерлер үшін уролог, терапевт, кәсіптік патология дәрігері; – медициналық қарап-тексеруді Тапсырыс берушімен келісу бойынша «University Medical Center» КҚ (Диагностикалық орталық) базасында немесе Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасында ұйымдастыру; – медициналық қарап-	
Қызметкерлерді жыл сайынғы медициналық қарап-тексеру		Жылына 1 рет

	тексеруді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131 /2020 бұйрығына сәйкес жүргізу; – қарап-тексеру нәтижелерін Тапсырыс берушіге ұсынымдармен бірге қалыптастыру (қорытынды акт, сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары).	
Әйел қызметкерлерге жүктілікті жүргізу және босандыру көмегі	Денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес жүктілікті жүргізу; медициналық көрсетілімдер бойынша күндізгі және тәулік бойғы стационар жағдайында емдеу; акушер-гинеколог дәрігердің және /немесе бейінді маманның тағайындауы бойынша дәрілік заттар (дәрілік заттарға арналған лимит шегінде); босандыру көмегі (физиологиялық босану, кесарь тілігі); босанғаннан кейін ана мен баланы бақылау.	Толық қамту

Шетелге шығатын азаматтарды сақтандыру	Шетелге шығатын азаматтардың ауру жағдайына ерікті сақтандыру шарты ресімделген кезде шетелдегі шұғыл медициналық шығындарды өтеу. Барлық сақтандырылған тұлғаларға шетелге шығу (іссапар, оқу, еңбек демалысы мақсатында) бойынша сақтандыру ұсынылады. Қамту аумағы – бүкіл әлем; сақтандыру мерзімі – жыл ішіндегі кез келген 275 күн. Тиісті ерікті сақтандыру шарты ресімделген кезде, оның ішінде COVID-19 коронавирус инфекциясымен ауырған жағдайда, шетелдегі шұғыл медициналық шығындарды өтеу. Барлық сақтандырылған тұлғаларға шетелге шығу (іссапар, оқу, еңбек демалысы мақсатында) бойынша сақтандыру ұсынылады. Қамту аумағы – бүкіл әлем; сақтандыру мерзімі – жыл ішіндегі кез келген 90 күн. Халықаралық сақтандыру полисінің талаптарына сәйкес шұғыл стационарлық емдеу, шұғыл амбулаториялық емдеу, медициналық эвакуация, репатриация және шұғыл стоматологиялық көмек.	52 000 АҚШ доллары

Отбасы мүшелерін тегін сақтандыруға тіркеу	Отбасы мүшелеріне жұбайы, 1 жастан 21 жасқа дейінгі (21 жасты қоса алғанда) балалары, қызметкердің 80 жасқа дейінгі (80 жасты қоса алғанда) ата-аналары жатады.	4 адам
Отбасы мүшелерін ақылы сақтандыруға тіркеу	Қосымша ақы төлей отырып отбасы мүшелерін сақтандыруға тіркеу: 1 жастан 26 жасқа дейінгі (26 жасты қоса алғанда) балалар, жұбайы, қызметкердің 85 жасқа дейінгі (85 жасты қоса алғанда) ата-аналары.	Отбасының әрбір мүшесі үшін қосымша ақы 2027 жыл-80 000 теңге 2028 жыл-90 000 теңге 2029 жыл- 100 000 теңге берілген күніне қарамастан.

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
						Настоящий стандарт устанавливает общие положения разработки стандартов технологий выполнения простых медицинских услуг (далее — стандартов технологий). Настоящий стандарт					Приказом Комитета по техническому		

1	Иә	СТ РК ГОСТ Р 52623-2009	340687	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Технология выполнения простых медицинских услуг. Общие положения.	предназначен для применения медицинскими организациями и учреждениями органов управления здравоохранением систем обязательного и добровольного медицинского страхования, другими медицинскими организациями различных организационно-правовых форм деятельности, направленной на оказание медицинской помощи.	Нет ()	40	Первая помощь	Действует	регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 17 сентября 2009 года № 470-од.	01.07.2010

Қол қойған Сәрсенғали Мұрат Сағнайұлы

Қол қойылған күні 23.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1266348 , Услуги по медицинскому страхованию на случай болезни способом Открытый тендер

Лот № 1 (8 У, 4568154) Услуги по медицинскому страхованию на случай болезни

Заказчик: Акционерное общество "Национальная компания "КазМунайГаз"

Организатор: Акционерное общество "Национальная компания "КазМунайГаз"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	8 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по медицинскому страхованию на случай болезни, Услуги по медицинскому страхованию на случай болезни
Наименование категории ОКТРУ	Услуги по медицинскому страхованию на случай болезни
Дополнительная характеристика	Услуга по добровольному медицинскому страховани ю работников
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, По всей территории РК
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 70%, Промежуточный платеж - 30%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Техническая спецификация

на оказание услуг по добровольному медицинскому страхованию работников и членов их семей

I. Общие сведения

